

А.К. Муратова\*, докторант

Ж.А. Дулатбекова, э.ғ.к., профессор м.а.

А.Е. Есенбаева, магистр, аға оқытушы

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Астана қ., Қазақстан

\* – негізгі автор (хат-хабарларға арналған автор)

e-mail: aliyaaliya2007@mail.ru

## ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕРЕКШЕ ҚОРҒАЛАТЫН ТАБИҒИ АУМАҚТАРЫНДАҒЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТУРИЗМНІҢ ДАМУЫ

Бұл мақала Қазақстанның ерекше қорғалатын табиғи аумақтарындағы экологиялық туризмнің дамуын зерттеуге арналған. Экотуризм экологиялық және мәдени қауіпсіздікті жақсартуға, жергілікті халықтың табиғи және мәдени ортаны сақтау қажеттілігі туралы хабардарлығын арттыруға ықпал етеді, сонымен қатар аумақтардың экономикалық дамуына ықпал етеді. Қазіргі уақытта ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы экотуризм тұрақты дамудың басым бағыты болып табылады. Бүгінгі таңда экотуризм күшінің басым бөлігі туристерді тартатын табиғи ресурстарды қорғауға емес, экономикалық мақсаттарды алға жылжытуға бағытталған. Бұл туризмнің осы түрінің негізгі принциптері мен мақсаттарын ескермейді. Сондықтан жалпы республикада экологиялық туризмді танымал ету үшін ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда туристік қызметті насихаттауды ескеру қажет. Жақын болашақта біздің еліміз әлемдегі экологиялық туризмнің жаңа бағытына айналуы мүмкін. Бұл Қазақстанның экотуризмді дамыту үшін үлкен туристік әлеуетке ие болуының арқасында мүмкін болып отыр. Республикамыздың бірегей табиғи жағдайлары мен ландшафттарының, сондай-ақ көптеген табиғи және тарихи ескерткіштердің, әртүрлі тарихи кезеңдерде аумақты мекендеген халықтардың бай мәдени және этникалық мұрасының арқасында Қазақстанның ерекше қорғалатын табиғи аумақтарындағы экологиялық туризм әлемнің түкпір-түкпірінен келген туристерді тарту орталығына айналуы мүмкін.

**Кілт сөздер:** экологиялық туризм, тұрақтылық, туристік қызмет, табиғи ресурстар, табиғи аумақтар, туристік әлеует, бедел, жасыл туризм, табиғат туризмі, жауапты туризм.

**Ключевые слова:** экологический туризм, устойчивость, туристская деятельность, природные ресурсы, природные территории, туристический потенциал, репутация, зеленый туризм, природный туризм, ответственный туризм.

**Keywords:** ecological tourism, sustainability, tourist activity, natural resources, natural areas, tourism potential, reputation, green tourism, nature tourism, responsible tourism.

**Кіріспе.** Қазақстан үлкен туристік әлеуетінің болуына байланысты әлемдік туризмнің жаңа бағыты деп аталады. Оның негізінде Еуразия орталығының тамаша климаттық жағдайлары мен табиғи сұлулықтары, ерекше ландшафттары, көптеген тарихи ескерткіштері, әр уақытта Қазақстан территориясында өмір сүрген халықтардың мәдени және этникалық мұралары жатыр.

Қазақстанда «экологиялық туризм» түсінігін қолданған дұрысырақ, өйткені оның аумағында адам әсерінен айтарлықтай зардап шекпеген өте кең аумақтар сақталған. Қазіргі уақытта экотуризм басым сала болып табылады және экономиканың тұрақты дамуына ықпал етеді [1].

Халықаралық экотуризм қоғамы экологиялық туризмді қоршаған ортаны сақтайтын, жергілікті халықтың әл-ауқатын қолдайтын және көрікті жерлерге бару, ақпараттық-түсіндіру және ағарту іс-шараларын қамтитын табиғи аймақтарға жауапты саяхат ретінде анықтайды [2].

Бұл мақаланың негізгі мақсаты туристер табиғи аймақтарға барған кезде экожүйелер мен биоәртүрлілікті сақтау және тұрақты дамыту жолдарын зерттеу болып табылады.

Зерттеудің негізгі мақсаттары:

- бүкіл Қазақстанның ерекше қорғалатын табиғи аумақтарын қарастыру;

- ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың қазіргі жағдайына талдау жасау.

Зерттеудің өзектілігі «тұрақты туризм» терминінің Қазақстанда кеңінен қолданыла бастауында. «Жауапты туризм», «жұмсақ туризм», «моральдық туризм», «табиғат туризмі», «жасыл туризм» сияқты ұқсас және жақын терминдер де қолданылады [3].

Экотуризм жасыл туризмнің құрамдас бөлігі болып табылады [4]. Жасыл немесе тұрақты туризмнің негізгі мақсаттары:

- сапа – туризм туристік қызметке қатысушылардың барлығының өмір сүру деңгейіне оң әсер етуі керек;

- тиімділік – рекреациялық ресурстарды ұтымды пайдалануда және олардың тұрақты дамуын қамтамасыз етуде;

- тепе-теңдік – туристік үрдіске қатысушылар арасында пайданы бөлу әділетті болуы керек [5].

Қазақстан аумағында 118 ерекше қорғалатын табиғи жерлер орналасқан. Экотуризмді дамытуға бағытталған туристерді реттеп пайдалануға рұқсат етілген 14 мемлекеттік ұлттық парктер бар [6]. Оның объектілері табиғи және мәдени аумақтар, көрікті жерлер болуы мүмкін екенін ескере отырып, дәстүрлі мәдениет табиғи ортамен біртұтас тұтастық болып табылады, экологиялық туризмді дамыту табиғи аумақтарға қаржылық қолдау көрсетіп қана қоймай, олардың сақталуына қызығушылық тудыруға мүмкіндік береді.

**Әдебиеттік шолу.** Бүгінгі таңда Қазақстанда экологиялық туризмді дамыту басым сала болып саналады, өйткені бұл туристік өнім ішкі және халықаралық нарықта тамаша мүмкіндіктерге ие, сонымен қатар болашақта дамудың жоғары әлеуеті бар. Экотуризмнің негізгі мақсаты туристік бағыттарға барған кезде аумақтардың табиғаты мен ландшафттарын сақтау болып табылады. Қоршаған ортаны сақтау және табиғи ресурстарды келешек ұрпаққа беру – уақыттың өзекті талабы. Экотуризмнің басты ерекшелігі – аймақ экономикасына тиімді әсер ететіндігі, сондықтан экотуризмнің дамуы жергілікті халыққа тиімді.

Зерттеудің теориялық негізіне туризмнің тұрақты нысандары саласындағы зерттеуге қатысқан авторлардың жұмыстары алынды. Бұл авторлардың қатарында Ш.Г. Қайрова, Д.Д. Есімова, Ф.М. Маликова, Р.Р. Шайкенова сияқты зерттеушілер бар.

Тәжірибелік негіз Қазақстандағы қоршаған ортаны дамыту жөніндегі ресми статистика мен құжаттар болды. Олардың ішінде Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің және Үкіметінің ақпараттық ресурсы, Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті ресми сайты, Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы ресми сайты.

**Негізгі бөлім.** Туристердің қазіргі таңда тұтынуындағы туристердің мінез құлқы ешқандай қол сұғылмаған әсем табиғатты тамашалауға деген қызығушылығымен өзгеруде. Ондай сұранысқа негіз болатын Қазақстанның көшпенді және аспаздық мәдениетінен басқа, әсем қалаларынан басқа біздің келесі туристердің қызығушылық танытып отырған әлеуетіміз бар, олар:

- тартымды табиғаты;
- Арал және Каспий теңізі;
- Жібек жолы;
- ашық даласы;
- Тянь- Шаны мен Алтайы және т.б.

Дүниежүзілік экономикалық форумның 2021 жылғы нұсқасы бойынша туризмнің жаһандық рейтингінде Қазақстан өз позициясын жақсартты және 117 ел арасында 66 – орынға ие болды, оның ішінде:

- табиғи ресурстар -33 орын;
- «ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік Мәдени мұра объектілерінің саны бойынша- 42 орынға және т.б. орындарға ие болған [7].

Бұл көрсеткіштегі беделіміз еліміздің ерекше мол көрікті табиғатымыздың тартымдылығының жоғары сұранысқа ие екендігін көрсетеді.

Еліміздің жалпы бүкіл жер көлемінің ерекше қорғалатын табиғи жерлер 10% - дан астам бөлігін алып жатыр. Олардың жалпы ауданы 29,3 млн. га құрайды [8]. Біздің елімізде:

- 10 мемлекеттік табиғи қорықтар;
- 14 мемлекеттік ұлттық табиғи парктер;
- 7 мемлекеттік табиғи резерваттар;
- 50 мемлекеттік табиғи қорықтар;
- 5 мемлекеттік қорық аймағы;
- 6 мемлекеттік ботаникалық бақ;
- 1 мемлекеттік дендрологиялық саябақ;
- 25 жергілікті маңызы бар мемлекеттік табиғи ескерткіштер [9].

Екі табиғи қорық ЮНЕСКО- ның Бүкіләлемдік мұра тізіміне енді:

1) «Сарыарқа-Солтүстік Қазақстанның далалары мен көлдері» 2008 ж., Наурызым және Қорғалжын мемлекеттік табиғи қорықтары);

2) Өзбекстанмен және Қырғызстанмен бірлескен «Батыс Тянь-Шань» (2016 ж., Ақсу-Жабағылы және Қаратау мемлекеттік табиғи қорықтары және Сайрам-Өгем ұлттық табиғи паркі) [10].

Қазіргі уақытта Қазақстанның 12 ерекше қорғалатын табиғи аумағы ЮНЕСКО биосфералық резерватының халықаралық мәртебесіне ие [11].

1-кесте

**Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы туристік қызметтің жағдайы\***

| Көрсеткіштер   | Жылдар |       |       |       |       | Ауытқуы, %    |               |               |
|--|--------|-------|-------|-------|-------|---------------|---------------|---------------|
|  | 2017   | 2018  | 2019  | 2020  | 2021  | 2019/<br>2018 | 2020/<br>2019 | 2021/<br>2020 |
| Қызметті тұтынушылар саны, мың адам  | 1261   | 1236  | 1501  | 985   | 1552  | 121           | 65            | 157           |
| Өткізілген экскурсиялар саны, бірлік   | 6327   | 6 110 | 8 166 | 2 705 | 16536 | 133           | 33            | 611           |
| Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы туристік қызметтен түскен кіріс, млн.тенге | 16683  | 16045 | 24130 | 12242 | 20056 | 150           | 50            | 163           |

\* [12] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған

Жоғарыдағы кестеде COVID-19 вирусының тарауынан кейінгі карантинге дейін экологиялық туризмге қатысты қызметті тұтынуға шаралардың ұйымдастырылуы 33,6 пайызға артуы, келушілер санының, яғни экологиялық туризмге қатысты қызметті тұтынушылар санының 21,4 пайызға артуына және кірістің 50,4 пайызға артуына септігін тигізген. Ал, карантиндік жағдай қызметтердің 66,1 пайызға кеміп, кірістің 49,3 пайызға кемуіне септігін тигізген. Әрине ол жағдай тұтынушылар санының кемуінен болып отырған жағдай екенін жоғарыдағы талдау нәтижесі беріп отыр. Қызметті тұтынушылар саны 34,3 пайызға кеміген. 2019 жылғы карантиннен кейінгі жағдайдан кейін туристерді тарту мақсатында Қазақстан туризмінде көптеген іс-шаралар қайта жаңғыртуға түсті. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда 2021 жылы экскурсиялық қызметтерді ұйымдастыру қолға алынып, 16 536 шара ұйымдастырылған. Ол көрсеткіш пандемия жағдайындағы көрсеткішпен салыстырғанда алты есеге артқан. Туристердің сұранысы тұрақталып, 57,4 пайызға пандемия жағдайы кезеңмен салыстырғанда артқан. Ең көп ұйымдастырылған Ақмола облысы бойынша 3 175 өткізілген экскурсиялық қызметке 713 185 турист тартылған. Ақмола облысында Қорғалжын мемлекеттік табиғи қорығымен қатар, «Көкшетау», «Бурабай» мемлекеттік ұлттық паркіне және басқада қорықшаларға туристердің қазіргі таңда қызығушылығы мен тартымдылығы жоғары. Павлодар (жалпы экскурсиялық қызметінің 0,1 пайызы мен жалпы келушілер санының 3,8 пайызын құраған) мен Атырау облыстарында (жалпы экскурсиялық қызметінің 0,2 пайызы мен жалпы келушілер санының 0,1 пайызын құраған) экскурсиялық қызметтің ұйымдастырылуы да және келушілер саныда басқа облыстармен салыстырғанда аз болған. Маңғыстау және Қызылорда облыстарында жалпы туристерді тартуға байланысты 2021 жылы жүзеге асырылмаған, әрине келушілер саны сәйкесінше өте аз деңгейдегі көрсеткішке ие болған. Дегенмен, пандемия жағдайында ерекше қорғалатын табиғи аймақтарға келушілер саны тұрақтылығын сақтаған.



1-сурет. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың факторлық көрсеткіштері

\* [12] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған

Жоғарыда Microsoft Excel бағдарламасының көмегімен жасалынған регрессиялық талдау нәтижесі экскурсиялық қызметті ұйымдастыруды арттыру қажеттігін көрсетіп отыр. COVID-19 вирусының әлемді жаулауы экологиялық туризмнің кері дамуына әсерін тигізбей қоймады. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы экскурсиялық қызметтің, ұйымдастырылған шаралардың даму көрсеткішіне кері әсері регрессиялық талдауда R-шаршының 0,2-ден жоғары экскурсиялық қызметтің тұрақсыздығы факторы екі есе асуын көрсетіп тұр.

**Қорытынды.** Қолда бар әдебиеттерді талдау біздің еліміздің табиғи ресурстарға және ландшафттарға бай екенін көрсетті. Еліміздің экологиялық тартымдылығы, рекреацияның үлкен мүмкіндіктері, биоәртүрлілік, табиғи, мәдени және тарихи ескерткіштердің байлығы, көптеген мәдени мұралары анықталды.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туризмнің жасыл түрлерін дамытудың ең үлкен мүмкіндігіне ие. Экотуризмнің де әлеуеті зор. Бүгінгі таңда ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда экологиялық туризмді насихаттау өңірлердің және жалпы экономиканың тұрақты дамуына ықпал ететін маңызды бағыт болып табылады. Экологиялық туризмнің объектілері табиғи, мәдени ресурстар, табиғи, табиғи-антропогендік жерлер бола алатынын, мұнда дәстүрлі мәдениет қоршаған ортамен біртұтас тұтастықты құрайтынын ескере отырып, экологиялық туризмді дамыту табиғи аумақтарға қаржылық қолдау көрсетіп қана қоймай, олардың сақталуына қызығушылық тудыруға мүмкіндік береді.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы туристік қызметтің тұрақтылығын арттыру табиғи және мәдени тұтастықты сақтауға, ағартушылық қызметке ықпал етеді, сонымен қатар жергілікті қоғамның әл-ауқатын жақсартуға және қоршаған ортаны қорғауды сақтауға ықпал етеді. Сонымен қатар, жалпы Қазақстандағы экологиялық туризмді дамытуға септігін тигізеді.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Шайкенова Р.Р. Сборник статей Всероссийской научно-практической конференции. Экологический и этнографический туризм: становление, проблемы и перспективы развития / Р.Р. Шайкенова, К.Р. Мамутова. – Хабаровск, 2009. – С. 155-161.
2. Халықаралық экотуризм қоғамының ресми сайты. – URL: <https://ecotourism.org/>.
3. Коробова О.П. Агротуризм как стимул развития сельских территорий [Электронный ресурс] // Academia. Архитектура и строительство. – 2019. – №3. – С. 111-120. – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/agroturizm-kak-stimul-razvitiya-selskih-territoriy>.
4. Джангарашева Н.В. Развитие маркетинга в агропромышленном комплексе [Электронный ресурс] / Н.В. Джангарашева, М.Б. Шакенова, Ж.Ж. Алиева // Проблемы агрорынка. – 2019. – №2. – С. 55-62. – URL: <https://www.jprra-kazniiapk.kz/jour/article/view/233/182>.
5. Каирова Ш.Г., Есимова Д.Д., Маликова Ф.М. Устойчивый экологический туризм в Казахстане [Электронный ресурс] // Наука и туризм: стратегии взаимодействия. – 2018. – №8. – С. 5-25. – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/ustoychivyyu-ekologicheskiiy-turizm-v-kazahstane>.
6. Дюсебалиева Г.С. Потенциал агротуризма и его роль в модернизации Казахстана / Дюсебалиева Г.С., Мусаева А.А. // Вестник Атырауского университета имени Х. Досмухамедова. – 2017. – №2. – С. 115-118.
7. Қазақстанның Премьер-Министрі мен Үкіметінің ақпараттық ресурсы // <https://primeminister.kz/ru/news/reviews/razvitie-turizma-v-kazahstane-posle-pandemii-podvedeny-itogi-pervyh-shesti-mesyacev-2022-goda-237546>.
8. Челнокова Е.А., Казначеева С.Н., Калинин К.В., Григорян Н.М. Сторителлинг как технология эффективных коммуникаций [Электронный ресурс] // ПНиО. – 2017. – №5. – С. 29. – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/storitelling-kak-tehnologiya-effektivnyh-kommunikatsiy>.
9. Асланова Д.Х., Мамаризоев Д.И. Сущность, особенности и принципы агротуризма [Электронный ресурс] // jmbm. – 2022. – №4. – С. 25-32. – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/suschnost-osobennosti-i-printsipy-agroekoturizma>.
10. Мамраева Д.Г., Борбасова З.Н., Ташенова Л.В. Мировой опыт развития сельского туризма [Электронный ресурс] // Проблемы агрорынка. – 2019. – С. 108-115. – URL: <https://www.jprra-kazniiapk.kz/jour/article/view/294/0>.
11. Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті ресми сайты [Электронный ресурс]. – URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/forest/activities/3812?lang=ru>.

12. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы ресми сайты [Электронный ресурс]. – URL: <https://stat.gov.kz/official/industry/22/publication>.

## REFERENCES

1. Shajkenova R.R. Sbornik statej Vserossijskoj nauchno-prakticheskoy konferencii. Jekologicheskij i jetnograficheskij turizm: stanovlenie, problemy i perspektivy razvitiya / R.R. Shajkenova, K.R. Mamutova. – Habarovsk, 2009. – S. 155-161 [in Russian].
2. Halykaralyk ekoturizm kogamynyn resmi saity. – URL: <https://ecotourism.org/> [in Kazakh].
3. Korobova O. Agroturizm kak stimul razvitiya sel'skih territorij // Academia. Arhitektura i stroitel'stvo. – 2019. – №3. – С. 111-120. – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/agroturizm-kak-stimul-razvitiya-selskih-territoriy> [in Russian].
4. Dzhangarasheva N.V. Razvitie marketinga v agropromyshlennom komplekse [Elektronnyy resurs] / N.V. Dzhangarasheva, M.B. Shakenova, Zh.Zh. Alieva // Problemy agrorynka. – 2019. – №2. – С. 55-62. – URL: <https://www.jprra-kazniiapk.kz/jour/article/view/233/182> [in Russian].
5. Kairova Sh.G., Esimova D.D., Malikova F.M. Ustoychivyy ekologicheskyy turizm v Kazahstane [Elektronnyy resurs] // Nauka i turizm: strategii vzaimodeystviya. – 2018. – №8. – С. 5-25. – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/ustoychivyy-ekologicheskyy-turizm-v-kazahstane> [in Russian].
6. Dyusebalieva G.S. Potencial agroturizma i ego rol' v modernizacii Kazahstana / Dyusebalieva G.S., Musaeva A.A. // Vestnik Atyrauskogo universiteta imeni H. Dosmuhamedova. – 2017. – №2. – С. 115-118 [in Russian].
7. Kazakstannyn Premer-Ministrі men Ykımetının akparattyk resursy // <https://primeminister.kz/ru/news/reviews/razvitie-turizma-v-kazahstane-posle-pandemii-podvedeny-itogi-pervyh-shesti-mesyacev-2022-goda-237546> [in Kazakh].
8. Chelnokova E., Kaznacheeva S., Kalinkina K., Grigoryan N. Storitelling kak tekhnologiya effektivnyh kommunikacij [Elektronnyy resurs] // PNiO. – 2017. – №5. – С. 29. – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/storitelling-kak-tehnologiya-effektivnyh-kommunikatsiy> [in Russian].
9. Aslanova D., Mamarizoev D. Sushchnost', osobennosti i principy agroekoturizma [Elektronnyy resurs] // jmbm. – 2022. – №4. – С. 25-32. – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/sushchnost-osobennosti-i-printsiy-agroekoturizma> [in Russian].
10. Mamraeva D., Borbasova Z., Tashenova L. Mirovoj opyt razvitiya sel'skogo turizma [Elektronnyy resurs] / Problemy agrorynka. – 2019. – С. 108-115. – URL: <https://www.jprra-kazniiapk.kz/jour/article/view/294/0> [in Russian].
11. Kazakstan Respublikasy Ekologia jane tabigi resurstar ministrліgının Orman sharuashylygy jane januarlar duniesi komiteti resmi saity [Elektronnyy resurs]. – URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/forest/activities/3812?lang=ru> [in Kazakh].
12. Kazakstan Respublikasy Strategialyk josparlaу jane reformalar agentтіgі Ylttyq statistika burosy resmi saity [Elektronnyy resurs]. – URL: <https://stat.gov.kz/official/industry/22/publication> [in Kazakh].

Муратова А.К., Дулатбекова Ж.А., Есенбаева А.Е.

## РАЗВИТИЕ ЭКОЛОГИЧЕСКОГО ТУРИЗМА НА ОСОБО ОХРАНЯЕМЫХ ПРИРОДНЫХ ТЕРРИТОРИЯХ КАЗАХСТАНА

### Аннотация

Данная статья посвящена изучению развития экологического туризма на особо охраняемых природных территориях Казахстана. Экотуризм способствует повышению экологической и культурной безопасности, повышению осведомленности местного населения о необходимости сохранения природной и культурной среды, а также способствует экономическому развитию территорий. Экологический туризм на особо охраняемых природных территориях в настоящее время является приоритетным направлением, способствующим устойчивому развитию. На сегодня большая часть усилий в сфере экотуризма направлена на продвижение экономических целей, а не на защите природных ресурсов, которые привлекают туристов. При этом не учитываются основные принципы и цели этого вида туризма. В этой связи для устойчивого развития экологического туризма в Казахстане в целом необходимо принять во внимание развитие туристской деятельности на особо охраняемых природных территориях. В ближайшей перспективе Казахстан может

стать новым направлением экологического туризма в мире, поскольку на территории республики имеется большой туристический потенциал для развития данного вида туризма. Благодаря уникальным природным условиям и ландшафтам нашей страны, а также множеству природных и исторических памятников, богатому культурному и этническому наследию народов, населявших территорию в разные исторические периоды, экологический туризм на особо охраняемых природных территориях Казахстана может стать центром притяжения туристов со всего мира.

**Muratova A., Dulatbekova Zh., Yessenbayeva A.**

**DEVELOPMENT OF ECOLOGICAL TOURISM  
IN SPECIALLY PROTECTED NATURAL AREAS OF KAZAKHSTAN**

**Annotation**

This study is devoted to the study of the development of ecological tourism in specially protected areas of Kazakhstan. Ecotourism contributes to improving environmental and cultural safety, raising awareness of the local population about the need to preserve the natural and cultural environment, and also contributes to the economic development of territories. Ecotourism in specially protected natural areas is currently a priority for sustainable development. Today, much of the ecotourism effort is focused on promoting economic goals rather than protecting the natural resources that attract tourists. This does not take into account the basic principles and goals of this type of tourism. In this regard, for the sustainable development of ecological tourism in Kazakhstan as a whole, it is necessary to take into account the development of tourism activities in specially protected natural areas. In the near future, Kazakhstan can become a new direction of ecological tourism in the world, since the territory of the republic has a great tourism potential for the development of this type of tourism. Thanks to the unique natural conditions and landscapes of our country, as well as the many natural and historical monuments, the rich cultural and ethnic heritage of the peoples who inhabited the territory in different historical periods, ecological tourism in specially protected natural areas of Kazakhstan can become a center of attraction for tourists from all over the world.

